

Батыс Қазақстан облысының әкімдігі білім басқармасының
Орал қалалық білім беру бөлімінің
№35 «Шұғыла» МКҚК бөбекжайы

Келісемін:

Әдіскер: З.Н. Калдышева



Бекітемін:

Меңгеруші: М.Т. Шарипова

2023–2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары

Тәрбиешілер: М.Ж. Нургеева
А.Н. Ажгалиева

2023-2024 оқу жылы

**2023– 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: № 35 «Шұғыла» бөбекжайы

Топ: «Ақкөгершін» мектепалды топ

Балалардың жасы: 5-жас

Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек айы 2023-2024 жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
<p>Дене шынықтыру</p>	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және нық белдеуіне арналған жаттығулар: Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу Кеудеге арналған жаттығулар: Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру. Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар: 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды). Арқаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет) Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); Негізгі қимылдар: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; шашырап, жұппен, жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; заттардан аттап тепе-теңдікті сақтап жүру сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Спорттық жаттығулар: Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу. Спорттық ойын элементтері: Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру. Қимылды ойындар. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.</p>
<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. дыбыстарды дұрыс, анық айтуды бекіту, айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз г – ғ, л – р, ж – з, с – з, ж – ш, н – ң, х – һ дыбыстарын естуі бойынша ажыратуға және дыбыстарды айта білуді жетілдіру; Сөздік қор. балалардың сөздік қорын зат есімдермен,</p>

	<p>етістіктермен, сын есімдермен, сан есімдермен, үстеулермен, жұрнақтар және жалғаулармен байыту;</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы түбірлес сөздерді жасау және қолдану біліктерін, етістіктерді жалғаулармен қолдану,</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. тыңдау және тілді түсіну дағдыларын қалыптастыру, диалог түрінде сөйлеуге үйрету.</p> <p>Шығармашылықпен сөйлеу қызметі. ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын құрастыруды жетілдіру:</p>
Көркем әдебиет	<p>Оқу, әңгімелеу: шығармалардың эмоционалды-бейнелі мазмұнын қабылдауға, баяндаудың сипатын сезінуге үйрету. ("Төрт дос" қазақ халық ертегісі).</p> <p>Мәнерлеп оқу: Балаларды дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен жаттауға (Мұқағали Мақатаев «Сапа-сары жапырақтар» өлеңі).</p> <p>Мазмұндау: сюжеттің дәйектілігін сақтай отырып, эмоционалды, логикалық түрде қайталай білуге үйрету (Е.Чарушиннің "Мысық" әңгімесі).</p> <p>Ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас және мінез-құлық мәдениеті дағдыларын тәрбиелеу (М. Әлімбаевтың "Сыпайылық сабақтары" өлеңі)</p> <p>Балалардың шығармашылық белсенділігін сақтау, әдеби шығармалардың таныс сюжеттерін ойнағысы келеді.</p> <p>Театрландырылған әрекет дағдыларын дамыту. таныс сюжеттер бойынша ертегілерді сахналау;</p>
Сауат ашу негіздері:	<p>1) "Сөз" және "дыбыс" терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>2) балаларды сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету.</p> <p>3) дауысты және дауыссыз дыбыстардың негізгі ерекшеліктерімен таныстыру</p> <p>4) қолды жазуға дайындау. Сызбаларды (штрихтарды), жиектерді салуға үйрету.</p>
Қазақ тілі	<p>Әңгімелесу, сөйлесу, сурет, тілдік жаттығулар, дидактикалық ойындар арқылы тілдерін дамыту. Көрген заттарын есте сақтау дағдыларын қалыптастыру. Қоршаған ортаға қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде көркем сөздерді қолдануға баулу. Қазақ тіліне тән Ә, Ө, Қ, Ү, Ұ, Ғ, Ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтып үйрену.</p>
Математика негіздері	<p>Жиын: Сандар түрлі жиындардың көрсеткіштері екендігі және жиын түрлі элементтерден құрылатындығы жайлы түсінігін дамыту.</p> <p>Жиын және оның бөліктері туралы түсінік беру.</p> <p>Сан, санау: заттарды саны бойынша салыстырып, олардың реттік нөмірін атау</p> <p>5 көлеміндегі санға дейін тура және кері санау</p>

	<p>Математикалық терминдерді қолдана білуді, 6 саны көлеміндегі сан мен цифр туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды тану және атай білуді үйрету. Көрнекілік негізінде 2, 3, 4, 5, 6 санының пайда болуымен таныстыру.</p> <p>Шама: Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін,</p>
Құрастыру	<p>Құрылыс материалдарынан құрастыру: Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру.</p> <p>Дағдыларын қалыптастыру: Болашақта жасалатын құрылысты талдай білу, оларды орындау реттілігін белгілеу және оның негізінде нысан жасау;</p> <p>Конструктор бөлшектерінен құрастыру: Үлкен емес жазықтықты үлкен етіп біріктіру, кірпіштердің, қырлы бөренелердің араларын бірін-біріне жиі қойып құрылысты берік ету, биіктігі күрделі құрылысты бөлу сияқты құрастырудың жаңа әдістерін үйрету.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Тірі және өлі табиғат құбылыстары мен заттары: "Өлі табиғат" ұғымымен (су, ауа, күннің көзі, бұлт, қар) таныстыру; өлі табиғат заттарын адам қолымен жасалған заттардан ажырата білуге үйрету.</p> <p>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер: Күзде табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқауға, айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету. Бөлме өсімдіктерінің жаңа түрлерімен таныстыру: атауы, сыртқы түрі, құрылысы, күтім жасау тәсілдері. бидай өсіру туралы балалардың түсініктерін қалыптастыру. Нанға деген ұқыпты қатынасқа тәрбиелеу, бидай өсіру мен нан өндіруге қатысатын адамдардың еңбегіне құрмет көрсету.</p> <p>Жыл құстары мен қыстайтын құстар туралы білімдерін бекіту, оларды ажырата білуге және атын атауға үйрету; Табиғат бұрышын мекендеушілер туралы білімдерін жетілдіру; табиғатқа қамқорлықпен қарауға, табиғат аясында болғанда экологиялық мәдениет ережелерінің бастапқы дағдыларына тәрбиелеу</p>
Сурет салу	<p>Заттық сурет салу: балаларды елестету және заттарға қарап гүлдер, көкөністер, жемістер, ойыншықтар, күрделі емес сұлбаларды өздеріне тән ерекшеліктерін бере отырып салу дағдыларын қалыптастыру</p> <p>Сюжеттік сурет салу: бейнелерді бүкіл параққа, бір сызықтың бойына, жалпақ жолақшаға орналастыру біліктерін қалыптастыру.</p> <p>Сәндік сурет салу: түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішіндерде өрнектерді құрастыра білу іскерліктерін бекіту</p>
Мүсіндеу	<p>Заттық мүсіндеу: балаларды затқа қарап немесе көз алдарына елестету арқылы көлемі мен пішіні әртүрлі таныс заттарды, көкөністер мен жемістерге тән ерекше бөліктерді бере білуге үйрету.</p>

	<p>Сюжеттік мүсіндеу: Балаларды мүсіндеудің таныс әдістерін қолдануды және заттардың өлшемдік қатынастарын бере білуге жаттықтыру</p>
<p>Жапсыру</p>	<p>Заттық жапсыру: екіге бүктелген қағаздан, түрлі қатпарлы бейнелерді киюды;</p> <p>Сюжеттік жапсыру: әлеуметтік жағдайлар мен балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу;</p> <p>Сәндік жапсыру: түрлі пішіндегі қағазда таныс геометриялық элементтерден өрнек құрастыруды үйрету;</p>
<p>Музыка</p>	<p>Музыка тыңдау: Шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын көңіл күйін ажырата білу.</p> <p>Ән айту: Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қиын емес әуендерді 2-3 жақын үндестікте даусын дәл келтіріп орындауға үйрету.</p> <p>Музыкалық ырғақты қимыл: Музыка сипатын анық ырғақты жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру жаттығуларын орындау.</p> <p>Билер: Әуеннің көңілді би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Ойындар, хороводтар: Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып шеңберді айналып жүру.</p> <p>Аспапта ойнау: Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау, жоғары регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажырату.</p>

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
<p>Дене шынықтыру</p>	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу Кеудеге арналған жаттығулар: Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); Арқаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет) Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет);</p> <p>Негізгі қимылдар: аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; кедергілер арасынан еңбектеу; екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату; шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы кадаммен, аяқтың ұшымен тепе-теңдікті сақтап жүру; сапқа бір, екі, үш қатармен тұру;</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру.</p> <p>Спорттық жаттығулар: Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу.</p> <p>Спорттық ойын элементтері: Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттап отырып қағып лақтыру; Футбол. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен домалату. Доппен затты айналдыра жүру. Допты шұңқырға, қақпаға домалату. Допты қатарынан бірнеше рет қабырғаға соғу;</p> <p>Қимылды ойындар. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.</p>

	<p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары Дене бітімін және аяқ өкшелерінің нығаюын қалыптастыру.</p>
<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: дыбыстардың нақты артикуляциясын, интонациялық мәнерлігін қалыптастыру; Сөздік қор. алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлеуде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру; Тілдің грамматикалық құрылымы: тілдік этикетті, жай және күрделі сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру Байланыстырып сөйлеу: Негізгі ойды дұрыс жеткізуге, монологтық ойларын байланыстырып құра білуге, әңгімені бірізді және нақты айтуға үйрету; Шығармашылықпен сөйлеу қызметі. Ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын ойдан шығаруға үйрету.</p>
<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Оқу, әңгімелеу. Әдеби жанр түрлерін түсіндіру: ертегі, әңгіме, өлең. «Шебер, зергер, дикан туралы әңгімелеу» Балаларды шығарма кейіпкерлерімен таныстыру. Мәнерлеп оқу. Балаларды дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық, үзілістермен жаттауға («Қарашы күз келді», Н.Қалқаманның «Менің елімнің рәміздері» өлеңдерді жаттау) Мазмұндау. Сюжеттік бірізділікті сақтай отырып, көңіл-күймен, қисынды мазмұндауға үйрету «Еңбек туралы нақыл сөздермен таныстыру» (әңгімелеу). Шығармашылық әңгімелеу. Тәрбиешінің әңгімесінің жалғасы мен соңын ойлап таба білуге үйрету («Күзгі өнім» әңгіме) Театр мәдениетіне баулу. балалардың театр ойындарына оң көзқарастарын; таныс сюжеттер бойынша ертегілерді сахналауды үйрету «Еңбекпен тапқан тиын». (грузин ертегісі), «Бауырсақ», «Қарлығаш пен дәуіт» ертегілер</p>
<p>Сауат ашу негіздері:</p>	<p>Сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету. Дауысты және дауыссыз дыбыстардың негізгі ерекшеліктерімен таныстыру Жазу кезінде арқаны және қолдарды дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру Қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету; Сызбаларды (штрихтарды), жиектерді салуға үйрету.</p>
<p>Қазақ тілі</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру. Қазақ тіліне тән 9 дыбысқа мән беріп, тілдерін дамыту. Күзге арналған тақпақтар жатқа айтқызу. Балалардың сөздік қорын зат есімдермен, етістіктермен, сын есімдермен, сан есімдермен, үстеулермен, жұрнақтар және жалғаулармен байыту; алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті, күнделікті тұрмыста жиі қолданылатын сөздерді (балабақша, үй, есік, терезе, ән айтамыз, билейміз, асықпа, байқа т.б) қолдану және түсіну, оларды сөйлеуде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру;</p>

<p>Математика негіздері</p>	<p>Жиын. "Бір" деген ұғым – бір ғана заттың санын ғана емес, сонымен қатар бүтін бір топтың жиынтығын да білдіретіндігін таныстыру.</p> <p>Сан, санау. 7 көлеміндегі санды тура және кері санауға үйрету. 7-ден 10-ға дейінгі сандар мен цифрлар туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды тану және атай білуді үйрету. Көрнекі негізінде 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен таныстыру. 10 көлеміндегі санды тура және кері санауға үйрету.</p> <p>Шама. Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын белгілей білуге, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыруға үйрету. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану.</p>
<p>Құрастыру</p>	<p>Қағаздан құрастыру:</p> <p>Қағаздан құрастыру. Шамасы бойынша әртүрлі құрылыстардың нұсқаларын жасай білу дағдыларын қалыптастыру Қағазды ортасынан, төртке бөліп бүктеуге, түрлі бағытта, тегістеп бүктей білуге үйрету. 14 бірдей бөлікке қиғаштай бөлінген (бұрыштарының басын дәл қосу) ұсақ заттарды дайындауда шаршы қағазын бүктеу біліктерін қалыптастыру.</p>
<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Заттар әлемі, кеңістікте бағдарлау.</p> <p>Заттар, олардың белгілері мен ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру. Балалардың сөйлеу тіліне түрлі заттардың атауларын нақтылап, енгізу, таныс емес заттардың қолданылуын түсіндіру. Заттардың қандай материалдан жасалғандығын анықтап, сипаттама беріп, оның сапасы мен ерекшелігін дұрыс анықтай білуге үйрету;</p> <p>Айналадағы заттар, құрылыс материалдары арасындағы міндет пен байланысты, оның неден жасалғандығы туралы түсінік беру;</p> <p>Бала, оның отбасы, үйі. Отбасының әлемі туыстық байланыс, өзінің жасын, толық аты-жөнін, тегін, ата-анасының, отбасы мүшелерінің аты-жөнін, балабақша, топ атауын, нөмірін айта білу, үйден балабақшаға дейінгі жолды анықтау туралы түсініктерін қалыптастыруды жетілдіру; Балаларда өз отбасының мүшелеріне қамқорлық білдіру ниетін, үй тапсырмаларын орындау, өзінің мейірімділік сезімдерін отбасы мүшелеріне сөзбен айта білуді тәрбиелеу.</p> <p>Көлік, байланыс құралдары.</p> <p>Көлік құралдарының көп түрлілігі, белгілі жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықтары жайлы түсінік беру; Телефон, компьютер, теледидар, радионың қызметтерімен, оларды қолданудың бірнеше қарапайым ережесі туралы білімдерін бекіту.</p>
<p>Сурет салу</p>	<p>Заттық сурет салу: пішіндер туралы білімдеріне сүйене отырып, негізгі пішінін, заттар мен олардың бөліктерінің үйлесімділігін нақты беруге, бөліктердің салыстырмалы көлемі мен орналасуына, түстер туралы біліміне сүйене отырып, заттардың түстеріне, өз талғамымен түстерді таңдауға үйрету;</p> <p>Серуен кезіндегі бақылаудан кейін - ағаштың күзгі жапырақтары, үй, трамвай, автобус; серуен мен саяхат кезінде алған әсерлерін суретте бейнелеуді;</p> <p>Заттардың шамасы мен үйлесімділіктегі айырмашылығын</p>

суретте бере білуге үйрету. Төртбұрыш пішіндегі бірнеше заттардың көлеміндегі айырмашылықты;
Сәндік сурет салу: Қарындаштармен сурет салу барысында саусақтарға күш түсірмей, көлбеу ұстау қажет, штрихтарды біркелкі жеңіл қимылмен бір бағытта әрі-бері сызу. Сызықты контурдың сыртына шығаруға болмайды.

Мүсіндеу
Заттық мүсіндеу: Қарапайым қатынас түрлерін сақтай отырып адам мен жануарлардың пішінін мүсіндеуге үйрету; көшеде, үйде және балабақшада көрген заттарын бейнелей отырып, елестету арқылы мүсіндеу.
Сюжеттік мүсіндеу: Кескішті қолданып, тұтас бөліктен мүсін жасауды жетілдіру.

Жапсыру
Заттық жапсыру. қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қиюды;
Сәндік жапсыру: Бөліктерден бейнелерді құрастыру, мерекелерге арнап үй-жайды безендіру үшін ұжымдық жұмыстарды орындау;
Сюжеттік жапсыру: екі бүктелген қағаздан симметриялық пішіндер қию

Музыка
Музыка тыңдау: Шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын көңіл күйін ажырата білу.
Ән айту: Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қиын емес әуендерді 2-3 жақын үндестікте даусын дәл келтіріп орындауға үйрету.
Музыкалық ырғақты қимыл: Музыка сипатын анық ырғақты жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру жаттығуларын орындау.
Билер: Әуеннің көңілді би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау.
 Ойындар, хороводтар:
 Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып шеңберді айналып жүру.
Аспапта ойнау: Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау, жоғары регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажырату.

Ұйымдастырылған іс-әрекет

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері

Дене шынықтыру

Жалпы дамытушы жаттығулар.

Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу

Кеудеге арналған жаттығулар: Гимнастикалық қабырғаға карап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею

Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар: 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды).

Арқаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа еңкею (5-6 рет)

Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет);

Негізгі қимылдар:

тізені жоғары көтеріп жүру;

бір сызыққа қойылған заттардың арасымен «жыланша» жүгіру; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр);

қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) секіру допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу;

скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап тепе-теңдікті сақтап жүру;

бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапка тұру.

Музыкалық-ырғақтық қимылдар.

Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру.

Спорттық жаттығулар:

Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.

Спорттық ойын элементтері:

Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу.

Қимылды ойындар.

Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.

Сауықтыру-шынықтыру шаралары

дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.

Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: берілген дыбысқа сөздерді таңдауға және оларды бір-бірімен салыстыруға үйрету;</p> <p>Сөздік қор: Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту. Сөйлеу тілінде синоним, антоним сөздерді таңдауға және қолдануға үйретуді жалғастыру;</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: «-дан, -ден, -тан, -тен, -нан, -нен», «астынан, жатқан, салған» шылауларын түсінуге үйрету;</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: негізгі ойды анықтауға, оны дұрыс тұжырымдауға және басқаларға жеткізуге үйрету; балаларға өлең жаттауды үйретуді жалғастыру; Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.</p> <p>Жұмыс мазмұны: балалардың уақыттық ұғымдар туралы білімдерін бекіту, осы ұғымдарды ескере отырып, сөз тіркесін құру кезінде сөздерді үйлестіруге үйрету; дидактикалық материалды қолдана отырып, көпше зат есімдермен аяқталуын саралау дағдысын бекіту;</p>
Көркем әдебиет	<p>Оқу, әңгімелеу. әдеби-көркемдік талғамға, туындының көңіл-күйін түсіну және сезіну қабілетіне тәрбиелеу, әңгімелердің, ертегілердің, өлеңдердің әуенін, дыбысталуын, ырғағын, сұлулығы мен поэтикалығын сезіну, поэтикалық естуді дамыту: «Шалқан» (ертегі), «Жақсы мен жаман» Р. Тышқанбаев, «Кішкентай бағбан» (әңгіме), «Мақта қызбен мысық» ертегісі «Шаруа мен аю».</p> <p>балаларды жаңа көркем жанрмен таныстыру (мақал) «Ас атасы – нан, нан атасы-дан», «Арпа, бидай- ас екен алтын, кумис - тас екен».</p> <p>Жұмыс мазмұны: туынды жанрларының (ертегі, өлең, жұмбақ) ерекшеліктерін бөліп көрсету және айрықша белгілерін табу; «Күз» (І. Жансүгіров), «Алтын астық» Н. Қалқаман.</p>
Сауат ашу негіздері:	<p>Дыбыстарды тиісті фишкалармен белгілеуге үйрету: қызыл – дауысты дыбыс, жасыл – ұяң, көк – қатаң дауыссыз дыбыстар, тиісті терминдерді дұрыс қолдану; алғашқы екпінді дауысты дыбысты табуға үйрету;</p> <p>Дыбыстарды тиісті әріптермен белгілеуді, дыбыстар мен әріптер арасындағы айырмашылықты түсіндіру, дыбыстарды естіп, әріптерді үзік сызық үстімен бастырып жазуды үйрету; Алдымен көрсетіп, содан кейін ауызша нұсқаулар бойынша қолдың ұсақ моторикасын қалыптастыруға арналған жаттығуларды орындау білігін қалыптастыру;</p>

Графомоторлық дағдыларды қалыптастыру: айналдырып сызу, штрихтау, көлденең және тік сызықтарды сызу, өрнектерді салу, күрделілігі әртүрлі дәрежедегі сызықтарды қоршау (тікелей сынған толқынды);

Қағаз парағында бағдарлауды үйрету, заттарды сөздік нұсқаулық бойынша орналастыру;

Оқыту мазмұны:

Сауат ашудың қарапайым негіздерін игерудің алғышарттарын қалыптастыру бойынша жұмыс балалардың зияткерлік және сөйлеу қабілеттері оларға белгі-символдық құралдарды игеруге мүмкіндік берген кезде жүзеге асырылады;

Ұсақ моториканы дамыту бойынша жұмыс оқытудың барлық жылдарында жүргізіледі және оның мазмұны біртіндеп күрделене түседі;

Әліппеге дейінгі кезеңнің міндеттері:

Сөйлеудің құрылымдық компоненттері туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: дыбыс (сөйлеу тілді-сөйлеу тілді емес ұғымдары), буын, сөз, сөйлем.

Сөз схемасының таңбалық-графикалық бейнесі, сөйлемдегі сөздердің реттілігі, сөйлемнің басы-соңы;

Саусақ гимнастикасы сияқты ойын жаттығуларын орындау арқылы ұсақ моториканы дамыту;

Ұсақ заттарды жазықтыққа (қағаз парағына) салу арқылы кеңістіктік ұғымдарын дамыту;

Оқыту мазмұны:

әр сөзді суретпен немесе сызбамен белгілей отырып, сызықтық қатардан (2-3 сөзден) сөздерді бөліп көрсетуге жаттықтыру; балаларды «буын» терминдерімен таныстыру. 2-3 күрделі сөздерді сөздердің бөлігін (буындарын) шартты-графикалық бейнемен, қозғалтқыш тіректерін (шапалақтар, қадамдар) қолдана отырып, буындарға бөлуге үйрету;

Қазақ тілі

Түбірлес сөздерді жасап қолдану, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебінде жай және жайылма сөйлемдерді қолдануға үйрету.

Тілдерін дамытатын жаттығулар, ойындар, дидактикалық ойындар арқылы тілдерін дамыту. Мамандыққа (дәрігер, тәрбиеші, ұшқыш, сатушы, құрылысшы, тәртіп сақшысы) аңшылық кәсіпке, мал өсіруге байланысты, егіншілік кәсіпке байланысты сөздерді айтып үйрету.

Математика негіздері

Геометриялық фигуралар: геометриялық фигураларды (шеңбер, шаршы, үшбұрыш, тіктөртбұрыш, сопақ) бір-бірінен ажырату; геометриялық денелерді ажырату (шар, текше, призма, цилиндр); геометриялық фигураларды түрлендіру, бөлшектерен құрастыру; геометриялық фигураларды ортақ белгілеріне қарай салыстыру (дөңгелек, бұрышты); 8-10 бөліктен фигураларды жинау, құрстыру;

Кеңістікте бағдарлау: сөздік немесе көрнекі сигнал бойынша қозғалысты өзгерту қабілетін үйрену; парақ жазықтығында

шарлау: «жоғарыда», «төменде», «ортада», «солға», «оңға»;
 кеңістіктік бейнелерді қалыптастыру: «алға», «артқа», «жақын»,
 «алыс», «үстінде», «астында», «қасында», «артында»;

Құрастыру
Таяқшалардан геометриялық пішіндерді құрастыру:
 таяқшалардан құрастыру: мұғалім берген фигуралардың атауына сәйкес таяқшалардан геометриялық фигураларды құрастыру; ойша елестету бойынша таяқшалардан қарапайым құрылымдарды орындау;
 құрастырмалы-ағытпалы ойыншықтарды құрастыру: 4-6 бөліктен тұратын кәсіпелі суреттерді жинау; текшелерден суретті жинастыру (6 бөлік);

Қоршаған ортамен таныстыру
Заттық әлем:
 Қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, тұрмыстық техниканың мақсаты және оларды пайдаланудың кейбір ережелері туралы білімдерін қалыптастыру;
 Қоршаған орта заттары мен объектілеріне (ойыншықтар, жиһаз, тұрмыстық техника, ыдыс-аяқ, киім, аяқ киім, кітаптар) ұқыпты қарауға тәрбиелеу.
Ересектердің еңбегі:
 Күзгі кезеңде ересектердің еңбегі және оның маңызы туралы түсініктерді қалыптастыру (бақта, бақшада, далада);
 Ересектердің ауыл шаруашылығындағы еңбегі туралы білімдерін қалыптастыру, ауыл шаруашылығы қызметкерлері еңбегінің маңызын түсіну дағдыларын (қала мен ауыл байланысы), диканшының еңбегі туралы білімдерін қалыптастыру, нан мен тамақ өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу;
 ересектердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Сурет салу
Заттық сурет салу: Пішін құрудың бұрын үйренген әдістерін бекіту;
 бірнеше объектілердің өлшемдеріндегі айырмашылықтарды беру; көкөністер мен жемістерді, балықты, жануарларды салғанда дөңгелек пішінді;
 төртбұрышты пішін;
 күрделі пішін – көліктер мен адамдардың фигуралары.
Сәндік сурет салу: Бояумен сурет салғанда қылқаламды қанықтыру, жалпақ сызықтар салу, қылқаламды қағазға қиғаш ұстау, жіңішке сызықтарды, нүктелерді салу кезінде оны тігінен ұстау, суретті бояу, бір бағытта қиғаш, солдан солға қарай салу жақсы. оңға, жоғарыдан төменге, қиғаш.

Мүсіндеу
Заттық мүсіндеу: көшеде, үйде және балабақшада көрген заттарын бейнелей отырып, елестету арқылы мүсіндеу.
Сюжеттік мүсіндеу: Затты тұғырға орналастыру техникасын қалыптастыру. Біртекті заттардан сюжеттер жасау, бірнеше

Жапсыру	<p>пішінді бір тұғырға орналастыру.</p> <p>Заттық жапсыру. елестету бойынша бірнеше бөліктерден заттар жасауды;</p> <p>Сәндік жапсыру: ұлттық кілемдерді, ас тақтайшаларын, сүлгілерді, қуыршақтарға арналған ыдыс-аяқтарды, ыдыс-аяқ сақтайтын сөмкелерді, кымыз құятын ыдыстарды (торсық), бұйымдарды,</p> <p>Сюжеттік жапсыру: геометриялық элементтерден (дөңгелектер, шаршылар, сопақшалар) өрнектер құрастыру;</p>
Музыка	<p>Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, халықтық және замануи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру</p> <p>Музыка тыңдау: Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету</p> <p>Ән айту: Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру</p> <p>Музыкалық ырғақты қимыл: Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес Қимылдард өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету</p> <p>Билер: музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу;</p> <p>Аспапта ойнау: балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету</p>

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және нық белдеуіне арналған жаттығулар: Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; колды жоғары көтеру және екі жаққа созу Кеудеге арналған жаттығулар: Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бүгу және тік көтеру. Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); Арқаға арналған жаттығулар: стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау Аяққа арналған жаттығулар: колды тізеге қойып отырып-тұру</p> <p>Негізгі қимылдар: заттардан бір қырымен аттап жүру; кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру, гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, нықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу; оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 метр) секіру; 2-2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға асықты лақтыру; арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) тепе-теңдікті сақтап жүру ; бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындауды үйрету. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру.</p> <p>Спорттық жаттығулар: Сырғанау. Өз бетінше мұзды жолмен сырғанауды, жүгіріп келіп сырғанауды үйрету.</p> <p>Спорттық ойын элементтері: Хоккей элементтері. Берілген бағытта қақпаға хоккей таякпен шайбаны сырғанатуды, оны қақпаға кіргізуді үйрету.</p> <p>Қимылды ойындар. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.</p>

Сөйлеуді дамыту

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: сөздерді дыбыстық талдауға үйрету – сөзде берілген дыбыстың болуын анықтау.

Сөздік қор: заттық белгілер мен әрекеттерді, берілген әрекетке арналған заттарды тандауға үйретуді жалғастыру;

Тілдің грамматикалық құрылымы: Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту; «менің» есімдігінің дұрыс қолданылуы мен сәйкестігін бекіту.

Байланыстырып сөйлеу: Келісілген мәлімдемелер құруды, естілген мәтінді дәйекті және дәл қайталап айтуды үйретуді жалғастыру; сипаттамалық әңгімелер жазуға үйретуді жалғастыру

Жұмыс мазмұны: негізгі ойды айқындай отырып, оны дұрыс айқындап, айналасындағыларға жеткізе отырып, балаларға қайталап айтуды және дәйекті әңгімелер құрастыруды үйретуді жалғастыру; айналасындағылармен диалог жүргізу, сұрақтарға жауап беру, өз ойларын дұрыс қалыптастыру дағдыларын бекіту үшін жағдайлар жасау; балалардың өлең жаттау дағдыларын бекітуді жалғастыру

Көркем әдебиет

Оқу, әңгімелеу. туындылардың жанрларын ажырата білуге үйрету (ертегі, өлең, жұмбақ балаларды шағын театрлық қойылымдарға қатысуға үйрету. «Ағаштар ұйықтай ма?» ертегі, «Туған өлкем» Ө. Тұрманжанов, «Күнбағыс» мексика ертегісі, «Төлдер айтысы» ертегі, «Қазақстан жалауы» (Е. Өтетілеуұлы), «Елтаңбасы елімнің» (С. Қалиев)

Жұмыс мазмұны: жаңа көркем жанрмен таныстыру: Отансыз адам- ормансыз бұлбұл, Отан –оттан да ыстық (мақал); «Менің Отаным» Қ.Игілік; шағын ұжымдық театрлық қойылымдарға қатысу үшін жағдай жасау.

Сауат ашу негіздері:

Дәптерде бағдарлауды үйрету. Тор бойынша сызықтар, үлгі бойынша өрнектер салу;

Бас әріп ұғымын беру; баспа әріптері мен баспа әріптерінің элементтерін графикалық салу дағдысын қалыптастыру; сөйлем ұғымын қалыптастыру.

Екпінді дауысты дыбысты графикалық символмен белгілеуге үйрету;

сөйлемдегі сөздерді, сөзді қашықтықта сызбалық графикалық түрде белгілеуге, схемадағы бас әріпті белгілеуге үйрету;

Мәлімдеменің интонациялық дизайнын ажырата білуге үйрету.

Оқыту мазмұны:

Балаларға ойын түрінде сауат ашу негіздерін, графомоторлық дағдыларды қалыптастыру бойынша тапсырмалар ұсынылады;

Әліппеге дейінгі кезеңнің міндеттері:

Графомоторлық дағдыларды қалыптастыру: айналдырып сызу, штрихтау, көлденең және тік сызықтарды сызу, өрнектерді салу, күрделілігі әртүрлі дәрежедегі сызықтарды қоршау

	<p>(тікелей сынған толқынды); Мәлімдеменің интонациялық жағын ажырата білуге үйрету. Оқыту мазмұны: Сөйлем туралы түсінік қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз). Шартты-графикалық сызбаны белгілеп, сөйлемді сөздерге бөлуді үйрету; Ситуациялық, заттық суреттер бойынша 2-3 сөзден тұратын сөйлем құрастыруға жаттықтыру;</p>
Қазақ тілі	<p>Мақал- мәтелдер оқу арқылы балаларды ұқыптылыққа, шыншылдыққа, елжандылыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. Қарым- қатынас барысында сыпайы сөздерді («Қайырлы таң», «Қайырлы күн», «Қайырлы кеш», Сәлеметсіз бе!, Сау болыңыз!) колданып, сыйластыққа тәрбиелеу. Туыстық қарым- қатынасты білдіретін сөздерді айтып үйрену, өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, отбасылық мерекелер, басқосулар, тойлар, салт- дәстүрлер туралы әңгімелесу дағдыларын қалыптастыру.</p>
Математика негіздері	<p>Уақыт бойынша бағдарлау: жыл мезгілдері (күз, қыс, көктем, жаз); апта күндерін; тәулік бөліктері (күн, түн, таңертең, кеш,) туралы білімдерін, уақыттық түсініктерді (бүгін, кеше, ертең, бірінші, содан кейін) бекіту; Массаны өлшеу: салмағы бірдей және тең емес заттарды алдымен қарама-қарсы көрсеткіштер бойынша алақанға өлшеу арқылы таба білуге үйрету.</p>
Құрастыру	<p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Менің Отаным – Қазақстан: Өз Отаны ретінде Қазақстан Республикасы туралы, елдің рәміздері туралы, Қазақстан Республикасының астанасы туралы білімдерін кеңейту; Мемлекеттік мерекелер туралы түсініктерді кеңейту (Республика күні); Өз елі үшін мақтаныш сезімін, өз елінің рәміздеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу. туған өлке, ел, Отан, Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну. Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу. Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз</p>

	<p>күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру. Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу.</p>
Сурет салу	<p>Сәндік сурет салу: Балаларды әртүрлі материалдарды – қарындаштарды, бояуларды пайдалана білуге үйрету. Түзу сызықтардың әртүрлі комбинацияларына салынған қазақ ою-өрнек элементтерін салу (1-2). Элементтерді силуэттердің, фигуралардың ортасына және жиектеріне орналастыра білуге үйрету. Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл») туралы түсінігін кеңейту, алуан түрлілігі туралы түсініктерін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып құрастыру қабілеттерін дамыту. Топпен жұмыс істеу қабілеттерін дамыту.</p>
Мүсіндеу	<p>Сюжеттік мүсіндеу: кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеуге, композиция мазмұнын қосымша заттар мен элементтердің көмегімен мейлінше көркемдеп жеткізуге үйрету, біртекті заттардың бейнесін жасаудан, мазмұнға сәйкес әр қилы бейнелерді жасау білімдерін бекіту. Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көгөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу. Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану.</p>
Жапсыру	<p>Заттық жапсыру: жырту тәсілімен жапсыруды. Қағаздан дайындалған тікбұрыштардан дөңгелек пішіндерді қиып алу, заттарды бірнеше бөліктерден бейнелей білуді бекіту. Сәндік жапсыру: ұлттық кілемдерді, ас тақтайшаларын, сүлгілерді, қуыршақтарға арналған ыдыс-аяқтарды, ыдыс-аяқ сақтайтын сөмкелерді, қымыз құятын ыдыстарды (торсық), бұйымдарды, Сюжеттік жапсыру: балаларға қағазға заттарды орналастыру дағдыларын үйрету. Жапсыруларды құрастыру барысында объектілердің көлемі бойынша қатынасын, заттардың бөліктерінің пішінін, құрылымын, қатынастарын көре білу</p>

Музыка

іскерліктерін меңгерту.

Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, халықтық және замануи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру

Музыка тыңдау: музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.

Ән айту: ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту,

Музыкалық ырғақты қимыл: Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету

Билер: би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау;

Аспапта ойнау: балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету.

Жоспардың құрылу кезеңі: Қантар айы 2024 жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды желкеге қою.Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру. Кеудеге арналған жаттығулар: Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар: 3-5 метр кашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды). Арқаға арналған жаттығулар: стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау Аяққа арналған жаттығулар: қолды тізеге қойып отырып-тұру</p> <p>Негізгі қимылдар: белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, алға қарай жүру; кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру; бірнеше заттардан еңбектеп өту; бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр); 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты лақтыру; әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тактай бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру; орнында айналу</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүруді үйрету.</p> <p>Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанауды меңгерту.</p> <p>Спорттық ойын элементтері: Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттап отырып Лактыруды үйрету.</p> <p>Қимылды ойындар. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.</p>

<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-г, к-к, дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.</p> <p>Сөздік қор: Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөйлемдердегі сөздерді зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Байланыстырып сөйлеу: Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.</p> <p>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті: Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару</p>
<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Оқу, әңгімелеу. Мазмұнына, мәнерлеу құралдарына байланысты әдеби шығармаларды қабылдауға үйрету; «Қар қандай» А.Сейсенова, «Кел, жаңа жыл!» С.Жиенбаев (жаттау) Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. «Ормандағы шырша тойы» Г. Скребицкий, «Көңілді қыс» (Ш. Мұхемеджанов) «Екі аяз», «Мысық, әтеш және түлкі» ертегілер, «Қантар» Н.Әлімқұлов, «Аққала» Ф.Орманов.</p>
<p>Сауат ашу негіздері:</p>	<p>Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.</p>
<p>Қазақ тілі</p>	<p>«Ерте- ерте, ертеде» ертегілер оқу, кейіпкерлер туралы өз ойларын білдіруге дағдыландыру. Сөйлеу, есте сақтау дағдыларын арттыру. Қазақ халқының салт- дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «асар», «сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру. Салт- дәстүрлер туралы өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар жатқа айту, жұмбақтар шешу. Шешендік өнерге, айтыс өнеріне қызығушылықтарын ояту.</p>
<p>Математика негіздері</p>	<p>Жиын. Жиын және оның құрамы арасындағы қатынастарды орната білуді дамыту; бүтін өзінің бөліктерінен үлкен екендігін, бірдей сандардың өзара бірыңғай сәйкестігі, үлкен</p>

және кіші бөліктерді анықтау.

Сан, санау. 10 саны көлеміндегі сандар мен цифрлар туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды танып және атай білуге үйрету. 10 көлеміндегі санды тура және кері санауға жаттықтыру;

Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау.

Шама. Шартты өлшемнің көмегімен заттың шамасын салыстыруға үйрету. Арнайы ұйымдастырылған жағдайда заттардың ұзынырақ (қысқа), жоғары (төмен), кең (тар), қалың (жұқа) үлгісінде және оларға тең екендігін таба білуге баулу. Геометриялық пішіндер. Айналасына қарап геометриялық пішіндерді табу, оларға талдау жасай білуді меңгерту. Геометриялық пішіндер мен денелерді атап, ажырата білуге жаттықтыру.

Құрастыру

Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.

Қоршаған ортамен таныстыру

Табиғатпен таныстыру. Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу.

Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату.

Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну.

Сурет салу

Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу. Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау.

Мүсіндеу

Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табак, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық) қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі

Жапсыру	<p>пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау.</p> <p>Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын кию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып, жапсыру.</p> <p>Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды кию.</p>
Музыка	<p>Музыка тыңдау: өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру.</p> <p>Ән айту: ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту.</p> <p>Музыкалық ырғақты қимыл: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүтіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.</p> <p>Билер: қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән- күйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін түсіндіру.</p> <p>Аспапта ойнау: балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту.</p>

Жоспардың құрылу кезеңі: Ақпан айы 2024 жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру. Кеудеге арналған жаттығулар: Алға қарай еңкейіп, алақанды еденге тигізу; Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); Арқаға арналған жаттығулар: стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау Аяққа арналған жаттығулар: қолды тізеге қойып отырып-тұру</p> <p>Негізгі қимылдар: қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру; кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру; әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту; бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру арақашықтықтығы 40 сантиметр; допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру; әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, гимнастикалық скамейка бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру; оңға, солға бұрылу.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Түзу бағытта адымдап жүруді. Жұбымен шеңбер бойымен жүруді пысықтау.</p> <p>Спорттық жаттығулар: Шаңғымен жүру. Бірінің артынан бірі ауыспалы қадаммен алға жылжу, оң және сол аяқтарымен сырғанауды. Бір орнында тұрып оңға, солға бұрылу, айнаруды үйрету.</p> <p>Спорттық ойын элементтері: Баскетбол элементтерін үйрету. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру.</p> <p>Қимылды ойындар. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.</p>

	<p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары таңертенгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.</p>
<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз ж- ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Сөздік қор: Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. Тілдің грамматикалық құрылымы: Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану дағдыларын қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеу: Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті: Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру.</p>
<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Мәнерлеп оқу. Саздылықты, ырғақтылықты сезінуге, өз дауысын басқара білуге, шығарманың мазмұнына өз көзқарасын білдіруге үйрету; Саздылықты, ырғақтылықты сезінуге, өз дауысын басқара білуге, шығарманың мазмұнына өз көзқарасын білдіруге үйрету; Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.</p>
<p>Сауат ашу негіздері:</p>	<p>Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Дыбыстардың белгілерін ажырату (дауысты-жуан/жіңішке; дауыссыз-қатаң, ұяң, үнді), оларды дұрыс атау; Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру. Сөйлем құруға, сөздердің ретін көрсете отырып, жай сөйлемдерді сөздердің ретін көрсете отырып, жіктеуге жаттықтыру;</p>
<p>Қазақ тілі</p>	<p>Қыс қызықтары, қысқы тіршілік туралы сөйлесу арқылы тілдік қорларын көбейту. Қазақтың ұлттық ойындары туралы түсініктерін бекіту, оларды ойнату арқылы қызығушылықтарын арттыру. Сөздерді жіктеп, септеп, тәуелдеп қолдануды қалыптастыру. Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы,</p>

лепті) ажыратып үйрену. Өз ойларын сөйлемдер арқылы жеткізуге, өз бетінше қарым- қатынас жасауға , бір- бірінің сөзін тыңдауға үйрету.

Математика негіздері

Жиын. Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні) құру.
Сан, санау. 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру
Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктерінің ауысуын («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау.
Салмақты өлшеу. Дүкендерде қолданылатын таразы туралы ұғымдарын қалыптастыру. Заттардың салмағын өлшеуге қызығушылықтарын дамыту. **Геометриялық пішіндер.** Геометриялық пішіндерді модельдеу: ауызша сипаттау бойынша пішіндерді құрастыру және сипаттық ерекшеліктері бойынша оларды атау; ойлауы бойынша пішіндерден тақырыптық композиция құрастыру.

Құрастыру

Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.

Қоршаған ортамен таныстыру

Өсімдіктер әлемі. Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру. Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін коректендіруі, өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі олардың жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі, олардың өсуі және көбеюі.
Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту. Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.

Сурет салу

Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру. Ою-өрнекті өз бетінше ойдан салуға мүмкіндік беру. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау. Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен) қолдану.

Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде).

Мүсіндеу

Қазақ халқының тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ертұрман, ошак, кебеже, диірмен) жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау.

Жапсыру

Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша киып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру. Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын кию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді киып, жапсыру.

Музыка

Музыка тыңдау:Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету
Ән айту. ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту.
Музыкалық ырғақты қимыл:марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.
Билер:би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға «Қаражорға» биін билету.
Аспапта ойнау:балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу

Ұйымдастырылған іс-әрекет

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері

Дене шынықтыру

Жалпы дамытушы жаттығулар.

Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды желкеге қою.

Саусақтарды айкастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру.

Кеудеге арналған жаттығулар: артқы жағынан қолды айкастырып көтеру

Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар: 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды).

Арқаға арналған жаттығулар: қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр).

Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.

Негізгі қимылдар:

ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру;

жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру;

гимнастикалық қабырғамен өрмелеу ;

алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру;

допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу;

әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық

скамейка бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру;

орнында айналу, оңға, солға бұрылу.

Музыкалық-ырғақтық қимылдар.

Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүруді жетілдіру.

Спорттық жаттығулар:

Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.

Спорттық ойын элементтері:

Футбол элементтерін үйрету. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебуді. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу

Қимылды ойындар.

Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.

Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.

Сауықтыру-шынықтыру шаралары

танертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене

Сөйлеуді дамыту	<p>бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау.</p> <p>Сөздік қор: Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «Асар», «Сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Түбірлес сөздерді сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану.</p> <p>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті: Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.</p>
Көркем әдебиет	<p>Мазмұндау. Шығарма мазмұнының мағынасына байланысты интонациямен мазмұндауға үйрету. Кейіпкерлерге және олардың іс- әрекеттеріне өз ойын айта білу.</p> <p>Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.</p>
Сауат ашу негіздері:	<p>Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру.</p> <p>Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. қолды жазуға дайындау.</p> <p>Кеңістіктік қатынас орнатуды, қағаз бетінде бағдарлай білуді үйрету.</p> <p>Сурет салу арқылы ырғақты жекелеген элементтерді құрайтын қарапайым жиектерді сала білуге үйрету.</p>
Қазақ тілі	<p>Аналар мерекесіне орай тақпақ үйрету. Мереке туралы білімдерін бекіту. Өз аналарына арнап, шығармашылық орталығында жұмыстану.</p> <p>«Жыл басы- Наурыз» туралы білімдерін бекіту. Наурыз мейрамын сурет бойынша әңгімелеуге үйрену. Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айту, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен, жүйелі жеткізіп үйрену; кейіпкерлердің диалогын мәнерлеп, интонациямен көрсете білу. Театрландырылған қойылым қою дағдыларын дамыту. Шығармаларды рөлге бөліп сомдауға үйрету, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге үйрету.</p>

<p>Математика негіздері</p>	<p>Жиын. Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (дыбысы, кимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру</p> <p>Сан, санау. 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.</p> <p>Шама. Шартты өлшемнің көмегімен заттың шамасын салыстыруға үйрету. Арнайы ұйымдастырылған жағдайда заттардың ұзынырақ (қысқа), жоғары (төмен), кең (тар), қалың (жұқа) үлгісінде және оларға тең екендігін таба білуге баулу.</p> <p>Уақытты бағдарлау. Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.</p>
<p>Құрастыру</p>	<p>Ұжымдық сюжетті құрастыру. Шығармашылық ойлауды және қиялдауды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді формаға өзгерте білуді бекіту. Дайын пішілген кескіндермен жұмыс жасау, күрделі емес сызба сызу, қайшымен нұсқаны тілік етіп кесу мен ойып ала білуді қалыптастыру.</p>
<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Жануарлар әлемі. Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату.</p> <p>Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау.</p> <p>Жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау.</p> <p>Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); қоректенеді (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары, қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен); өседі және көбейеді, қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білу.</p>
<p>Сурет салу</p>	<p>Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау.</p> <p>Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл») туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту.</p>
<p>Мүсіндеу</p>	<p>Қазақ халқының тұрмыстық заттарын зергерлік бұйымдарымен (білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау) жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың</p>

бетіне бедерлер жасау. Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу.

Жапсыру

Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру. Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып, жапсыру.

Музыка

Музыка тыңдау: Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.

Ән айту: музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту.

Музыкалық ырғақты қимыл: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.

Билер: би шығармашылығы. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару.

Аспапта ойнау: музыкалық (дауылпаз, асатаяқ, сазсырнай, тұяқтас, қоңырау, сыбызғы, домбыра, металлофон, ксилофон, бубен, барабан, маракас, румба) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.

Ұйымдастырылған іс-әрекет

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері

Дене шынықтыру

Жалпы дамытушы жаттығулар.

Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды желкеге қою.

Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру.

Кеудеге арналған жаттығулар: қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу

Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: гимнастикалық кабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет).

Арқаға арналған жаттығулар: қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр).

Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.

Негізгі қимылдар:

заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 метр) жүгіру;

бір гимнастикалық кабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу;

оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру тұрған орнында айналып секіру;

допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу арақашықтығы 4–5 метр;

гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту;

сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру.

Музыкалық-ырғақтық қимылдар.

Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру.

Спорттық жаттығулар:

Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу.

Спорттық ойын элементтері:

Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру.

Қимылды ойындар.

Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.

Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.

Сауықтыру-шынықтыру шаралары

Таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.

<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын реттеу.</p> <p>Сөздік қор: Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: сөздерді түрлі әдістермен құрай білу біліктерін бекіту; түбірлес сөздерді жасауды және қолдануды жаттықтыру, жай, күрделі сөйлемдерді, дауыс ырғағына қарай сөйлем түрлерін ажырата білу, оларды сөйлеуде қолдану;</p> <p>Диалогтік сөйлеу тілін қалыптастыру: диалогтік сөйлеу тілін дамытуға негіз болатын түрлі әдістер мен тәсілдерді қолдану;</p> <p>Шығармашылық тілдік әрекет: ұсынған тақырыптары бойынша әңгіменің жалғасы мен соңын ойлап табуға үйрету, ұсынылған тақырыптар негізінде бір-бірімен байланысқан мазмұн бойынша сипаттау және баяндау әңгімелерін құрастыруға, сөйлемдерінде бейнелеуіш сөздерді, эпитеттерді, теңеулерді қолдануға үйрету;</p>
<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Бакылағандары және суреттер бойынша әңгімелер құрастыра білуге үйрету. Шығармалардың мазмұны мен көркем туындылар түрінің арасындағы өзара байланысты көре білуге үйрету. Дербес әрекетте көркем тілдік дағдыларды қолдана білуді бекіту; Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру.</p> <p>Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу.</p>
<p>Сауат ашу негіздері:</p>	<p>Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау.</p> <p>Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.</p> <p>Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу.</p> <p>Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.</p>
<p>Қазақ тілі</p>	<p>Мамандықтар(тәрбиеші, дәрігер, аспазшы, сатушы, тәртіп сақшысы) туралы әңгімелесу арқылы сөздік қорларын дамыту. Ойындар, дидактикалық ойындар қолдана отырып, қызығушылықтарын арттыру. Жыл мезгілдері, апта күндерін, ай аттарын жатқа білу. Суреттер бойынша әңгіме</p>

Математика негіздері	<p>құрастырып, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттап айту, сюжетті суреттерді әңгімелеуде сөздерді дәл және дұрыс қолдануға дағдылану. Ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығаруға баулу. (көктем, көктемгі еңбек)</p> <p>Жиын. Жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіріп, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру.</p> <p>Сан, санау. Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау.</p> <p>Геометриялық пішіндер. Айналасына қарап геометриялық пішіндерді табу, оларға талдау жасай білуді меңгерту.</p> <p>Уақытты бағдарлау. Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.</p>
Құрастыру	<p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Табиғи материалдарды мақсатты пайдалана білуді бекіту. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс кезінде өз қызметін жоспарлау дағдыларын жетілдіру; дербестік, шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу. Шығармашылық қиялын, ұсақ заттар жасауды көрнекіліктерді қолдану арқылы және ойдан шығару, өзінің көз алдына елестету арқылы жасай білуді дамыту.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Жануарлар әлемі. Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); Табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру.</p> <p>Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білу.</p> <p>Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p>Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету.</p>
Сурет салу	<p>Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу.</p> <p>Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап,</p>

Мүсіндеу	<p>суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу.</p> <p>Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру. Ортақ композиция жасау үшін ұжымдық мүсіндеудің, адамның, жануарлардың, ойыншықтардың, халық шығармашылығының заттарын қарап мүсіндеу дағдыларын дамыту.</p>
Жапсыру	<p>"Қошқар мүйіз" өрнегін түрлендіріп: жиектеме өрнек, қоймүйізді жұп шиыршықтар, геометриялық өрнектерді қолдануды; қазақ өрнектеріне тән: жасыл, қара, ақ, сұр, қызыл, ашық түстерді қолдануды; сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару.</p>
Музыка	<p>Музыка тындау: қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазының, Қорқыттың, Тәттімбеттің, Дина Нұрпейісованың, Дәулеткерей Шығайұлының, Ықылас Дүкенұлының шығармаларымен таныстыру</p> <p>Әуендерді немесе музыкалық шығарманы орындау кезінде пьесаларды тану және атау</p> <p>Ән айту: әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу.</p> <p>Музыкалық ырғақты қимыл: би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.</p> <p>Билер: мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p>Аспапта ойнау: музыкалық (дауылпаз, асатаяқ, сазсырнай, тұяқтас, қоңырау, сыбызғы, домбыра, металлофон, ксилофон, бубен, барабан, маракас, румба) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.</p>

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
<p>Дене шынықтыру</p>	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру. Кеудеге арналған жаттығулар: Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкею. Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар: 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды). Арқаға арналған жаттығулар: қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр). Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.</p> <p>Негізгі қимылдар: қосалқы қадаммен жүру; жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру; кедергілер арасынан еңбектеу; биіктіктен секіру, 20 сантиметр дейінгі биіктіктікке секіру; допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналып тепе-теңдікті сақтап жүру; сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру.</p> <p>Спорттық жаттығулар: Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу.</p> <p>Спорттық ойын элементтері: Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру.</p> <p>Қимылды ойындар. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары Таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.</p>

<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.</p> <p>Сөздік қор: Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту. Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: көпше түрдегі зат есімдерді атау, ілік септіктерінде, етістіктерді бұйрық райда, сын есім мен үстеулерді салыстырмалы шақта, септелмейтін зат есімдерді дұрыс қолдануға үйрету.</p> <p>Диалогтік сөйлеу тілін қалыптастыру: өзге балалардың әңгімесінің маңыздылығына әсер етіп, бір-бірінен жаңалықты білуге ықыласын арттыру.</p> <p>Шығармашылық тілдік әрекет: бақылағандары және суреттер бойынша әңгімелер құрастыру</p>
<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Шығармашылық әңгімелеу. Тәрбиешінің ұсынған тақырыбына сюжеттік және сипаттау әңгімелерін құрау кезінде меңгерген көркем - тілдік дағдыларын қолдана білуді бекіту.</p> <p>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.</p> <p>Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.</p>
<p>Сауат ашу негіздері:</p>	<p>Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.</p> <p>Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.</p> <p>Сурет салу арқылы ыргакты жекелеген элементтерді құрайтын қарапайым жиектерді сала білуге үйрету.</p>
<p>Қазақ тілі</p>	<p>«Ынтымақтастық» мерекесі (1- мамыр Ынтымақтастық күні) туралы білімдерін бекітіп, достық, татулыққа баулу.</p> <p>9- мамыр «Жеңіс күні» мерекесі туралы түсіндіру, Отанға, еліне деген патриоттық сезімдерін ояту, мерекеге арналған тақпақтар жаттау.</p> <p>Суреттерге қарап әңгімелеуде, ересектермен қарым-қатынаста өз ойларын толық жеткізуге дағдылану. Негізгі ойды дұрыс жеткізуге, өз пікірін айтуға, монологты байланыстырып құра білуге, әңгімені бірізділікпен айтуға, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыра білуге баулу.</p> <p>Қауіпсіздік ережелері туралы білімдерін бекіту.</p>

<p>Математика негіздері</p>	<p>Жиын. «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. Сан, санау. Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру.</p> <p>Геометриялық пішіндер. Геометриялық пішіндер мен денелерді атап, ажырата білуге жаттықтыру.</p> <p>Уақытты бағдарлау. Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.</p>
<p>Құрастыру</p>	<p>Ойдан құрастыру: ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру.</p>
<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсінуі маңызды. Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда не болатынын балалармен талқылау.</p> <p>Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу).</p> <p>Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану).</p>
<p>Сурет салу</p>	<p>Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің желісін жеткізе білуін жетілдіру.</p> <p>Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу. Ұжымдық жұмыстарға, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.</p>
<p>Мүсіндеу</p>	<p>Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу.</p> <p>Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау.</p> <p>Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p>
<p>Жапсыру</p>	<p>Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.</p> <p>Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру,</p>

Музыка

еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.

Музыка тыңдау: музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілік танытады; музыкалық шығармаларға көзқарасын білдіреді, оның сипаты, мазмұны туралы айтады; қарапайым музыкалық жанрларды ажыратады (күй, ән, би, марш);

Ән айту: әннің басында, музыкалық фразалардың арасында тыныс алуды біледі, бірінші октаваның «ре» екінші октаваның «до» диапазонында жеңіл дауыспен ән айтады; әннің сөзін анық айтады, музыка сипатын қабылдайды және жеткізеді; шығарманың жеке фрагменттерін (кіріспе, қайырмасы, соңы) ажырата алады; қазақ халқының күйші, композиторларын біледі; таныс әндерді өз бетінше музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды; әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындайды;

Музыкалық ырғақты қимыл: марш сипатын анық ырғақты жүрумен, музыканың қимыл сипатын – жеңіл және орташа (жоғары-төмен) ырғақпен береді; заттармен қимылдар жасайды, сюжетті ойындарды сахналайды; музыканың сипатына сәйкес қимылдарды орындайды

Аспапта ойнау: музыкалық аспаптарда қарапайым әуендерді ойнайды; балаларға арналған музыкалық аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгерген.

Немірленген және тігілген 1
бастап 38 дейін бет.

Беттер саны 39

№35 «Шұғыл» МКҚА «Ә.Ә.Ә. Әбеев»

менгерушісі Мадина Жамалдина Ж.Ж.

